3-7

Бекітемін

Мектеп директоры К.Дүйсенбеков

**Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпыбілім беретін мектебі бойынша оқушы қыздар ұйымының жүргізілетін жұмыс жоспары**

**2023-2024 оқу жылы**

| № | Орындалатын жұмыстар | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепте оқитын оқушы қыздардың тізімін алу | Тамыз | Г.Есдаулет |
| 2 | Әр сынып қыздар секторын сайлау | Қыркүйек | Г.Есдаулет |
| 3 | Қыздар жиналысын өткізіп, жоспармен таныстыру | Қыркүйек | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 4 | Қыздар гигиенасы туралы мектеп медбикесімен әңгіме жүргізу | Қазан | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 5 | «Әдептілік-әдемілік» баяндама оқу | Қазан | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 6 | «Күз аруы -2023» байқауы | Қараша | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 7 | Тазалық, безеу, сұлулық атты тақырыппен жиналыс өткізу | Желтоқсан | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 8 | «Сырласайық-сырғалым» кездесу | Қаңтар | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 9 | Әсемдік, сұлулық жайлы баяндама оқу | Ақпан | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 10 | «Киіне білесіңбе?» - деген тақырыпта баяндама | Наурыз | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 11 | «Зиянды әдеттер» тақырыбында әңгімелесу | Сәуір | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 12 | Оқу жылындағы қыздардың бойындағы жақсы қасиеттері туралы әр сынып секторынан жеке-жеке мәлімет алу | Мамыр | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |
| 13 | Оқу жылына қорытынды жұмыс жасау | Мамыр | Г.Есдаулет<br>С.Джусупова |

Дайындаған: Есдаулет Г

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

**ХАТТАМА № 5**

Өтілген күні:05.12.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып оқушы қыздар тәрбиесі және тазалығы
2. «Әсемдік сұлулық» баяндама

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар ұйымының төрайымы Гүлнара Есдаулет сөз алып, оқушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оқу үлгеріміне қатаң бақылау жүргізетінін айтып өтті. Мектеп медбикесі Жәудір Юсупова оқушылардың жеке бас тазалығын үнемі қадағалап, тексеріп отыратынын айтты.

Екінші мәселе бойынша Оңласын Сейтова баяндама оқыды. Сұлулық ұғымы әр жанның түсінігінде әр түрлі қалыптасқан. «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі» деген де мақал бар. Осының бәрі де қыз баланың сүйкімділігінен, нәзіктілігінен, әр іске талапты да алғырлығынан, өнер – білімге бейім тұратын сергектігінен шыққан сөздер болса керек. Халқымыз қыз баланы ардақтап ұстайды, оған қатты сөз айтпай, мәпелеп өсіреді. Адам өмірінде әсемдіктің, сұлулықтың, жалпы эстетиканың орны өте ерекше. Біз күнделікті өмірде әрбір істеген ісімізді, жүріс-тұрысымызды, сырт-келбетімізді, өмір сүретін әлемімізді тек қана әсем, сұлу қалыпта көргіміз келеді. Әрқашан сұлулыққа, әсемдікке мән беру біздің ішкі жан дүниеміздің тыныштықта, үйлесімде болуына тікелей әсер етеді.

Әсемдік адам өмірінің сәні болып қана табылмай ол оның мәні десек те қателеспейміз. Өйткені еңбек адамды адам еткен болса, сұлулық адам бойын қуаныш әсем сезімге бөлейді, сол еңбекке деген талпынысты, құштарлықты оятады, сұлу қимылдар мен әсем де әдемі қылықтарды әдеттерді қалыптастырады. Әсемдік – материалдық және рухани дүниенің адамды ләззатқа бөлейтін сипаты. Эстетикалық ұғым ретіндегі әсемдік әдемілікпен тектес. Бірақ әдемілік объектілердің сыртқы ішкі қырларын бірдей қамтыса, әсемдік құбылыстардың сыртқы көзге түсетін және пішіндік ерекшеліктерін эстетикалық тұрғыдан қабылдауға жатады. Оқушыларға түсіндірме жұмыстары айтылып өтті.

**Қаулы етті:**

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары үнемі қадағалансын
2. «Әсемдік сұлулық» баяндама қанғаттанарлық

Жиналыс төрайымы Г.Есдаулет

Хатшысы О. Сейтова

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

**ХАТТАМА № 4**

Өтілген күні:14.11.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып оқушы қыздар тәрбиесі және тазалығы
2. «Тазалық, безеу, сұлулық» баяндама

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар ұйымының төрайымы Гүлнара Есдаулет сөз алып, оқушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оқу үлгеріміне қатаң бақылау жүргізетінін айтып өтті. Мектеп медбикесі Жәудір Юсупова оқушылардың жеке бас тазалығын үнемі қадағалап, тексеріп отыратынын айтты.

Екінші мәселе бойынша Оңласын Сейтова баяндама оқыды. Қазақ отбасында қыз балаға тәрбие берудің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс- тіршілігімен, тұрмыс- салтымен және мәдениеттілік тығыз байланысты. Қазақ қауымында ұрпақ тәрбиесі, оның ішінде қыз баланы тәрбиелеу, негізінен, отбасында жүзеге асырылған. Халқымыз қыз бала тәрбиелеуді мекендердің, ата- анасының, елге белгілі кісілердің жақсы істерін үлгі ету, тәрбиеге «Ұят», «намыс», «ар» ұғымдарын кең пайдалана отырып сендіру, үйрету, жаттықтыру, көтермелеу, мадақтау, мақұлдау талап қою әдістері арқылы жүзеге асырып отырған. Қазақ отбасының күнделікті тіршілігінде қыз бала тәрбиелеуде педагогикалық ықпал етудің түрлі тәсілдері баласының адамгершілік, имандылық сезімдерін ояту мақсатында олармен қайырымды, ілтипатты, қамқорлық қатынас жасау: тұлғалық қалыптасуына ықпал ету мақсатында жанама ықпал ету, маралдық қолдау, сенімін арту, өзіне деген сенімін нығайту, жауапкершілік жүктеу т. б, қазір мағанасын жойған жоқ.Қазақ халқының қыздарға педагогикалық ықпал етудегі ең кең тараған тәсілі тұспалдап айту.

«Бүгінгі қыз – ертеңгі ана» Қыз бала 12-14 жасқа келгенде бүкіл тазалық шараларын өз бетінше орындауы тиіс. Қыздын жыныстық тәрбиесі туған күннен басталады.Оның өзінің жеке төсек орны мен киім кешегі болуға тиіс.Алғашқы етеккірдің басталуына шамалы уақыт қалған кезде бойының жылдам өсе бастағаны байқалады, осы кезеңде жыныс ағзасы үлкейіп, қасағасы мен қолтық аумағына түк шыға бастайды.Жыныстық жетілудің айқын белгілерінің бірі- бұл етеккірдің келуі. Алғашқы етеккір кезінде көбіне жалпы әлсіздік, бас ауруы, бел және іштің төменгі жағында ауырсыну байқалады.Қызға- бойжеткенгә жыныстық тәрбие берудің мақсаты біреу- оны отбасылық өмірге дайындау. Қыздар ұлдарға қарағанда жыныстық жақтан ерте жетіледі, және өздерінен жасы үлкен бозбалаларға көз сала бастайды, ал оның ізі көбіне өкінішті, келеңсіз жағдайларға алып келеді, Кейде бозбала жыныстық қатынасты ерте бастап, артының қандай жағдайға апаратынынойламайды. Қыз пәктігі, қыз намысы, қыздық түсініктері өз манызын жоғалтқан жоқ. Мынау тіршілікте бәрі де бір- бірімен тығыз байланысты.Адам баласы дамудың балалық, жасөспірімдік, жастық, есею кезендерінен табиғи түрде әдемі өтуә тиіс.Қыз бойында ақыл- парасаттылық, сымбаттылық, тазалық болуы тиіс.Қыз бала сонымен әдемі. Оқушыларға түсіндірме жұмыстары айтылып өтті.

**Қаулы етті:**

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары үнемі қадағалансын
2. «Тазалық, безеу, сұлулық» баяндама қанғаттанарлық

Жиналыс төрайымы [подпись] Г.Есдаулет

Хатшысы [подпись] О. Сейтова

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

**ХАТТАМА № 3**

Өтілген күні:11.10.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып оқушы қыздар тәрбиесі және тазалығы
2. «Қыздар гигиенасы» баяндама
3. Мектеп медбикесімен әңгімелесу

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар ұйымының төрайымы Гүлнара Есдаулет сөз алып, оқушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оқу үлгеріміне қатаң бақылау жүргізетінін айтып өтті. Мектеп медбикесі Жәудір Юсупова оқушылардың жеке бас тазалығын үнемі қадағалап, тексеріп отыратынын айтты.

Екінші мәселе бойынша Оңласын Сейтова баяндама оқыды. Қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыларуы десек те артық емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген.

Мектеп медбикесі Юсупова Жәудір сөз алып, ақынның сөзімен бастады: Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева "Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек" деген пікір айтқан. Сол тәрізді ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. «Тоғыз және он төрт жас аралығында қыз баланың тәнінде болашақта оны бойжеткенге айналдыратын өзгерістер басталады. Кейбіреулерінде  бұл үдеріс бұдан да ерте көрініс береді. Қыз бала гигиенасы Жеке бас гигиенасының бірінші ережесі- тазалық, ол туралы бұрыннан белгілі. Жекеленген кейбір арнайы жеке бас гигиенасының адам жынысына, жыныс ағзалар құрылысы және қызметіне байланысты кейбір арнайы жағдайлары бар. Етеккірдің басталуы, қыз баланың алдына бір мәселе қояды. Алдымен етеккірдің келуі денсаулық жағдайына,қыз баланың жеке гигиена ережелерін сақтауына байланысты екенін есте ұстау керек.Әдетте, дені сау,шыныққан, спортпен шұғылданатын жақсы тамақтанатын қыз балаларда етеккір жақсы өтеді. Жалпы сау қыз бала да етеккір келген кезінде жабығу сезуі мүмкін. Алайда бұл сырқат емес,қалыпты жағдай. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстану қажет. Ой, физикалық жұмыстардан бас тартпау керек. Алайда ауыр физикалық жұмыстарды азайту керек деп баяндама жасады. Оқушыларға түсіндірме жұмыстары айтылып өтті.

**Қаулы етті:**

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары үнемі қадағалансын
2. «Қыздар гигиенасы»  баяндама қанғаттанарлық

Жиналыс төрайымы Г.Есдаулет

Хатшысы О. Сейтова

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

**ХАТТАМА № 6**

Өтілген күні: 31.08.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспардың жасалуы
2. Мектепте оқитын қыздардың тізімін алу
3. Қыздар ұйымына, әр сыныптан сектор және хатшы сайлау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, қыздар кеңесінің төрайымы Г.Есдаулет жылдық жоспармен таныстырды. Қыз балалар халқымыздың ізгң қасиеттері имандылық, инабаттылық, іскерлік т.б негізінде тәрбиелеп, ана өнегесінен үлгі алуға, тәрбиелік мәні салт-дәстүрді бойына сіңіруге баулу туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша, қыздардың тізімі алынды.

5-сынып

- Балғабай Айзат
- Жарқынбек Аяулым
- Жұмабай Аяла
- Айып Кәусар
- Нұрәлі Гүлназ
- Нұрғали Шұғыла
- Рысқали Айзере

6-сынып

- Құрманбек Ажар
- Өскен Балнұр
- Жұмабай Інжу
- Жәңгір Інжу

7-сынып

- Құрманбек Еңлік
- Асқар Ақсезім
- Ерімбетова Кәусар
- Отарбай Гүлсезім
- Фазыл Ақзере
- Мұса Айым

8-сынып

- Айдар Ажар
- Балтабай Марал
- Берділжан Гүлсезім
- Абилхайыр Сымбат
- Орынбасар Жанайым
- Абсамат Асем
- Пернебек Нұрайым